

БЕКІТЕМІН

«22» ақпан 2021 жыл

«Qazaq Epos» қоғамдық

қорының директоры

Б. Тұрлыбекөв

«Qazaq epos»

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚПАРАТ

ЖӨЙІМДІК ҚОРЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ

Б. ТҰРЛЫБЕКӨВ

СНІБИН 18074002847

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚПАРАТ

ЖӨЙІМДІК ҚОРЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ

Б. ТҰРЛЫБЕКӨВ

СНІБИН 18074002847

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚПАРАТ

ЖӨЙІМДІК ҚОРЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ

Б. ТҰРЛЫБЕКӨВ

СНІБИН 18074002847

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚПАРАТ

ЖӨЙІМДІК ҚОРЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ

Б. ТҰРЛЫБЕКӨВ

СНІБИН 18074002847

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚПАРАТ

ЖӨЙІМДІК ҚОРЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ

Б. ТҰРЛЫБЕКӨВ

СНІБИН 18074002847

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚПАРАТ

ЖӨЙІМДІК ҚОРЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ

Б. ТҰРЛЫБЕКӨВ

СНІБИН 18074002847

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚПАРАТ

ЖӨЙІМДІК ҚОРЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ

Б. ТҰРЛЫБЕКӨВ

СНІБИН 18074002847

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚПАРАТ

ЖӨЙІМДІК ҚОРЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ

Б. ТҰРЛЫБЕКӨВ

СНІБИН 18074002847

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚПАРАТ

ЖӨЙІМДІК ҚОРЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ

Б. ТҰРЛЫБЕКӨВ

СНІБИН 18074002847

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚПАРАТ

ЖӨЙІМДІК ҚОРЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ

Б. ТҰРЛЫБЕКӨВ

СНІБИН 18074002847

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚПАРАТ

ЖӨЙІМДІК ҚОРЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ

Б. ТҰРЛЫБЕКӨВ

СНІБИН 18074002847

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АЛМАТЫ АҚПАРАТ

ЖӨЙІМДІК ҚОРЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ

«Qazaq Epos» республикалық ағарту жобасы «Тұлпар мініп, ту алған!» байқауының ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ереже

1.1. «Qazaq Epos» ағарту жобасы «Тұлпар мініп, ту алған!» байқауы (бұдан әрі — Байқау) Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» мақалаларында және Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында жүктелген міндеттерді жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылады.

1.2. Байқау республика көлемінде өткізіледі.

1.3. Байқауға оқыту тіліне қарамастан, мемлекеттік және мемлекеттік емес жалпы орта білім беретін мектептердің, лицейлердің, гимназиялардың және жалпы білім беретін ұйымдардың 6-10 сыныптарының оқушылары қатыса алады. Әр мектептен кем дегенде 10 оқушы (6-шы сыныптан 2 оқушы, 7-ші сыныптан 2 оқушы, 8-ші сыныптан 2 оқушы, 9-шы сыныптан 2 оқушы, 10-шы сыныптан 2 оқушы) және оқушыларды дайындайтын 5 мұғалім қатысады (Әр мұғалім 2 оқушыдан артық дайындай алмайды).

1.4. Байқау – қазақ халқының батырлық эпостарының бірі «Ер Едіге» жырын жатқа айту бойынша өтеді. Байқау аясында қатысушыларға батырлық жырын жатқа айту, Ұлық Ұлыс (Алтын Орда) мемлекетінің негізгі тарихи оқиғаларына қатысты сұрақтарға жауап беру, жырда кездесетін көнерген сөздердің мән-мағынасын түсіндіру, қазақ әдебиеті пәнінің оқу бағдарламасы негізінде әзірленген сұрақтарға жауап беру тапсырылады.

1.5. Осы Ереже Байқау шаралары аяқталғанға дейін қолданыс күшін жоймайды.

1.6. Қосымша ақпараттар мен батырлар жырының электронды нұсқасы www.qazaqeros.com ресми сайтында жарияланады.

2. Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

- балалар арасында кітап оқуды және қазақ халқының батырлық эпостарын насихаттау;

- өскелең ұрпақтың шығармашылық және зияткерлік қабілетін дамытуға жағдай жасау;

- балаларды халық поэзиясына, қазақ халқының рухани асыл мұрасына деген сүйіспеншілікке және патриотизмге тәрбиелеу, елдік пен ерлік рухын, намысқой, қайсарлық қасиеттерге баулу;

- балалардың әдебиетке, көркем әдебиетке деген сүйіспеншілігін ояту;

- дарынды балаларды анықтап, оларға қолдау көрсету;

- өнерлі жастарды халық арасында таныту;

- қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімдерінің беделін көтеру.

3. Ұйымдастыру комитетінің қызметі

3.1. Байқауды орталық және жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен жобаның авторы «Qazaq Epos» қоғамдық қоры жүзеге асырады. Ұйымдастыру комитетінің құрамына жергілікті атқарушы орган және «Qazaq Epos» қоғамдық қорының өкілдері кіреді.

3.2. Ұйымдастыру комитетінің өкілеттілігі:

- Байқаудың өткізілу шарттары мен Ережесін бекітеді;
- Қазақстан Республикасының қоғам және мемлекет қайраткерлері мен ғалым-әдебиетшілерден тұратын Байқаудың қазылар алқасын бекітеді;
- Қазылар алқасының жұмысын үйлестіреді;
- Қатысушыларға аудандық, облыстық кезеңдерде ұсынылатын сұрақтарды әзірлейді.

4. Байқауды өткізу кезеңдері, тәртібі мен шарттары:

4.1. Байқау 3 іріктеу, 1 ақтық кезеңнен тұрады:

- мектеп ішілік іріктеу кезеңі (*өткізу күндері мүдделі атқарушы органдардың келісімімен бекітіледі*);
- аудандық кезең (*өткізу күндері мүдделі атқарушы органдардың келісімімен бекітіледі*);
- облыстық кезең (*өткізу күндері мүдделі атқарушы органдардың келісімімен бекітіледі*);
- республикалық ақтық кезең (*өткізу күндері мүдделі атқарушы органдардың келісімімен бекітіледі*).

4.2. **Мектеп ішілік іріктеу кезеңі.** Жергілікті атқарушы органдардың өкілдері Ұйымдастыру комитетіне қатысушылардың тізімін береді.

Тізімде келесі ақпарат көрсетілу керек.

Қатысушы мектеп оқушысы:

- қатысушының толық аты-жөні;
- елді мекен (облыс/қала/аудан/ауыл);
- мектебі (толық атауы), оқитын сыныбы;
- оқушыны дайындаған мұғалімнің аты-жөні.

Қатысушы мектеп оқушыларды дайындайтын мұғалімдер:

- мұғалімнің толық аты-жөні (мұғалімнің фотосы);
- елді мекен (облыс/қала/аудан/ауыл);
- мектебі (толық атауы);
- дайындаған оқушыларының аты-жөні;
- байланыс телефоны, e-mail.

Жоғарыда көрсетілген ақпарат qazaqepos@gmail.com электронды поштасына жіберлуі қажет.

4.2.1. Мектеп ішілік іріктеу кезеңінде қатысушылар батырлар жырын жатқа айту бойынша жарысады.

4.2.2. Мектеп ішілік іріктеу кезеңінде үздік 3 оқушыға аудандық Байқауға қатысуға жолдама беріледі.

4.3. **Аудандық кезең.** Аудандық кезеңге, сол ауданның әр мектебінен үздік 3 оқушы қатысады.

4.3.1. Аудандық кезеңде қатысушылар батырлар жырын жатқа айту бойынша жарысады.

Аудандық байқау 2 кезең бойынша өрбиді:

- 1) Жыр айтудан сайыс;

2) Ұлық Ұлыс (Алтын Орда) мемлекетінің негізгі тарихи оқиғаларына байланысты сұрақтарға жауап беру;

4.3.2. Аудандық кезеңде жүлделі үш орынға ие болған 3 оқушыға облыстық Байқауға қатысуға жолдама беріледі.

4.4. Облыстық кезең.

4.4.1. Облыстық және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларындағы байқауға қатысушылар батырлар жырын жатқа айту бойынша жарысады. Облыстық кезеңнің қатысушылары қосымша тағы бір батырлар жырын жаттауы тиіс. Қосымша батырлар жырының мәтіні аудандық кезең аяқталған соң байқаудың ресми сайтында www.qazaqepos.com жарияланады.

Облыстық және Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларындағы байқау 3 кезеңнен тұрады:

1) Сахнаға шығу реті жеребе арқылы алдын-ала анықталып, сахнаға екі қатысушыдан шығарылады. Қатысушылар ең алдымен байқаудың негізгі жырымен сайысқа түседі. Қазылар алқасы жас жыршыны кез келген сәтте тоқтатқанда, келесі қатысушы жырды әрі қарай жалғастыра жөнелуге дайын болуы керек немесе қазылар алқасы жыр ішіндегі оқиғалар желісі бойынша жалғастыруды ұсынуға құқылы (*талап еткен жағдайда сол жерден жалғастыруы тиіс*);

2) Жыр ішіндегі жекелеген оқиғалар мен жер-су атауларына қатысты сұрақтарға жауап беру (*сұрақтар қазылар алқасы тарапынан қойылады*).

3) Қатысушыларға сұрақ билет түрінде беріледі, әр билетте екі сұрақтан болады (*6-10 сыныптың қазақ әдебиеті оқулығы бойынша әзірленеді*).

Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен Облыстарда жеңімпаз атанған оқушылар республикалық ақтық кезеңге қатысуға жолдама алады.

4.3.2. Байқаудың ережесі, батырлар жырының мәтіні және сұрақтар алдын-ала байқаудың ресми сайтында www.qazaqepos.com жарияланады. Алайда, билетте сұрақтардың берілу формасы өзгергенімен мазмұны сақталады.

5. Бағалау критерийлері:

5.1. Қатысушылардың өнері 10 баллдық жүйемен бағаланады.

5.2. Қатысушының шығарманы оқу мәнеріне және артистік шеберлігіне назар аударылады, яғни батырлар жырын нақышына келтіріп, төгілтіп жырлауы ескеріледі. Жырды айту барысында қатысушы мүдірсе, не ұмытып қалса байқаудан шығарылады, ал жеңгені келесі кезеңге өтеді.

5.3. Қазылар алқасы оқушының білімін тексеру үшін қосымша сұрақтар қойып, дауыс беру арқылы жеңімпаздарды анықтайды.

6. Қазылар алқасы туралы:

6.1. Байқауға қатысушылардың өнерін бағалау үшін қазылар алқасы құрылады.

6.2. Қазылар алқасының шешімі түбегейлі болып табылады және қайта қаралмайды.

6.3. Қазылар алқасы қатысушылардың әрбір мүдіргенін қалт жібермей, белгілеп отыруы тиіс.

6.4. Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде рәсімделеді және оған барлық мүшелері қол қояды. Дауыстар саны тең түскен жағдайда қазылар алқасының төрағасы шешуші дауысқа ие болады.

7. Марапаттау

7.1. Мектеп ішілік іріктеу кезеңінде үздік 2 оқушы аудандық кезеңге жолдама алады. Барлық қатысушыларға байқауға қатысканы үшін диплом беріледі.

7.2. Аудандық кезеңде 1, 2, 3 орын алған жеңімпаздар Байқаудың облыстық кезеңіне өтеді. Ал, жеңімпаз оқушылардың мұғалімдері арнайы дипломмен марапатталады.

Аудандық кезеңнің жеңімпаз оқушылары ақшалай сыйақымен марапатталады.

- I орын – 150 000 теңге;
- II орын – 100 000 теңге;
- III орын – 50 000 теңге.

7.3. Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары мен Облыстарда I-ші орын иеленген жеңімпаздар (17 оқушы) республикалық байқауға жолдама алады.

7.4. Республикалық ақтық байқаудың ережесі, талаптары мен шарттары алғашқы 3 іріктеу кезеңі аяқталған соң, жарияланатын болады. Облыстық байқаудың жеңімпаздары мен оқушыларды дайындаған ұстаздары ақшалай сыйақымен марапатталатын болады:

Оқушылар үшін:

- I орын – 750 000 теңге;
- II орын – 350 000 теңге (2 орын);
- III орын – 200 000 теңге (2 орын).

Ұстаздар үшін:

- I орын – 1 500 000 теңге;
- II орын – 700 000 (2 орын);
- III орын – 400 000 (2 орын).

Байқау Ережесіне өзгерістер енгізілсе қосымша хабарланады.

Ұйымдастыру комитетінің мекен-жайы:

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Д.Қонаев көш., 12/2, офис 36.

e-mail: qazaqepos@gmail.com, байқаудың ресми сайты www.qazaqepos.com